

16.06.2022 жылы Жылға ауылдық округі тұрғындарымен кездесу болып өтті.

Жиналысқа аудан әкімінің м.у.а. Н.Талипов, аудандық мәслихат депутаты А.Баратов, ауданның дербес бөлім басшылары, ауыл билері, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауыл тұрғындары және жергілікті полиция инспекторлары қатысты.

Жиын барысында тұрғындардың басым бөлігі ауыз су, жайылым жер, дәрігерлік емхана және жаңадан мектеп салу туралы өтініштері мен пікірлерін айтты.

Сонымен қатар, Шайхана және Нұрауыл елді мекендеріне демеушілер есебінен жалпы 250 орындық жекеменшік жаңа мектептер салу үшін жер учаскелері рәсімделуде, алдағы уақытта құрылыс жұмыстары басталатын болады.

Сондай-ақ, Н.Талипов Нұрауыл және Жылға елді мекендеріндегі күрделі мәселелердің бірі ауыз су мәселесін шешу мақсатында ағымдағы жылы жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамаға тапсырылған. Сараптаманың қорытындысы шыққаннан соң құрылыс жұмыстарына қаржы бөлдіру үшін облыстық бюджетке ұсынылатындығын атап өтті.

Бірнеше жылдан бері шешімін таппай жатқан ортақ жайылым жер мәселесі бойынша ағымдағы жылы мәслихат отырысының шешімімен Қарақалпақ пен Жылға елді мекендерінде 1233 га жер ортақ жайылымға берілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша аудандық мәслихат депутаты А.Баратов «Сарыағаш аудандық мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы» баяндама жасап, атқарылған жұмыстарға толығымен тоқталып, сонымен қатар аудандық мәслихат депутаттарының өз тараптарынан демеушілік есебінен атқарып жатқан жұмыстарымен де таныстырды.

Кездесуден кейін ауылдық округ тұрғындарына арнайы қабылдау жүргізілді. Қабылдауға келген ауыл тұрғындарының аяқ жол салу, жарықшамдар орнату, электр бағаналарын ауыстыру мәселелері бойынша өтініштерін тыңдап, заң аясында жауап беріліп, тиісті мекеме басшыларына өтінішті назарға алып, заңға сәйкес оң шешуді тапсырды.